



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2024 жылы Қазақстан Республикасында тауарларды,
өнімдерді көтерме саудада сату бағасының индексі

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік-кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі - Бюро)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Баға статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Кереева Таншолпан Махамбетовна

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Департамент директоры Жақыпбекұлы Қуанышбек

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сол жағалау, Мәңгілік Ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

t.kereeva@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+77172749533

S.2 Өзектілік-кіріспе

Көтерме саудада сату бағасының индексі – бұдан әрі сату үшін және жеке, отбасылық, үй және осыған ұқсас басқа да пайдалануға байланысты емес өзге де мақсаттарға арналған тауарлардың (өнімдердің) баға өзгерісін сипаттайды.

Көтерме саудада сату бағасының индексі құру мақсаты көтерме сауданың субъектілері өткізетін тауарларға (өнімдерге), бағаның өзгеру шамасын өлшеу болып табылады.

Көтерме саудада тауарлардың, өнімдердің сату бағасының индексі 2006 жылдан бастан қалыптастырылады.

Көтерме саудада тауарлардың, өнімдердің сату бағасының индексі:

1) көтерме сауда көлемдерін қайта бағалау дефляторы және ұлттық шоттар жүргізу жүйесінде ішкі сауда секторы

ретінде;

2) көтерме тауар айналымының нақты көлем индексін есептеу үшін;

3) нақты тауарларды, өнімдерді өндіру мен өткізу нарығына экономикалық мониторингті, талдауды жүзеге асыру үшін пайдаланылады.

Бюро әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттер, мүдделі мемлекеттік органдар, сондай-ақ "Атамекен" ҰҚП өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтар) отырыстарын өткізеді, онда жалпымемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануын болдырмау және олардың өзектілігі тұрғысынан егжей-тегжейлі талданады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

30.12.2024

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

30.12.2024

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

30.12.2024

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Тауарларды, өнімді көтерме саудада сату бағасының индексі Қазақстан Республикасы және облыстары; тауарлар мен өнімдер; өндіруші елі бойынша бір айға салыстыру кезеңдері (есепті ай өткен айға, өткен жылғы желтоқсанға, базалық жылдарға; есепті жылғы ай және кезең өткен жылғы тиісті ай және кезеңге; есепті тоқсан өткен тоқсанға, өткен жылғы тиісті тоқсанға) есептеледі.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Тауарларды, өнімдерді көтерме саудада сату бағасының индексін құру кезінде қолданылатын жіктеуіштер:

ЭҚЖЖ – «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші»;

ІСҚСЖ – «Ішкі сауда қызметінің анықтамалығы»;

ӨӨСЖ – «Өнеркәсіп өнімдерінің статистикалық анықтамалығы»;

АШӨСЖ – «Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің статистикалық анықтамалығы»;

ҚСЖ – «Қызмет көрсету анықтамалығы».

Жіктеуіштер мен анықтамалықтар Бюро www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі» / «Статистикалық классификациялар» / «Жіктеуіштер» бөлімінде орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

Көтерме саудада сату бағасының индексі мына экономикалық қызмет түрлеріне жататын көтерме сауда объектілері өткізетін тауарлар, өнімдер бағасының өзгерісін есепке алады:

1) Автомобильдерді және мотоциклдерді көтерме және бөлшек саудада сату және оларды жөндеу. Қызметтің бұл түрінде бағаларды байқауға жаңа және бұрын пайдалануда болған көлік құралдарын (жеңіл және жүк автомобильдері), дөңгелекті тартқыштарды, автомобильдерге арналған қосалқы бөлшектер мен аксессуарларды көтерме саудада сату қосылады;

2) Автомобильдер мен мотоциклдарды қоспағанда көтерме сауда. Қызметтің бұл түрінде бағаларды байқауға ауыл шаруашылығы шикізатын, тамақ өнімдерін, сүректі, құрылыс материалдарын, машиналарды, химиялық тауарларды, тоқыма бұйымдарды, темекі өнімдерін және басқа тауарларды көтерме саудада сату қосылады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Көтерме саудада сату бағасының деңгейін байқау «Көтерме саудада сату бағасының индексін құру» әдістемесіне сәйкес жүргізіледі, ол Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Негізгі» / «Статистика»/ «Экономика»/ «Баға статистикасы»/ «Методология» бөлімінде қолжетімді.

Көтерме саудада сату бағасының индексін құру әдістемесінде келесі анықтамалар қолданылады:

- агрегаттау – төменгі деңгейдегі экономикалық көрсеткіштерді барлық кейінгі деңгейлерде едәуір ірі жиынтықтарға агрегаттау;
- базалық объект – байқауға және ондағы бағаларды тіркеуге іріктелген заңды тұлға. Базалық объектілердің іріктемелі жиынтығы негізгі талапқа – географиялық және салалық бөліністегі репрезентативті болуға жауап беруі тиіс;

- ерекшеліктер – бағаны тіркеу үшін іріктелген жеке тауарды сәйкестендіру үшін пайдаланылатын сипаттама немесе сипаттамалар тізбесі;
- жіктелім – қабылданған белгілеріне сәйкес ұқсастықтары немесе өзгешеліктері бойынша көптеген объектілерді топқа бөлу;
- импутация – түсіп қалған, қате немесе шамасы жоқ мәндерді басқа мәндермен алмастыру үдерісі;
- индекс салмағы – олардың жалпы жиынтығында әрбір жеке элементтің маңыздылығын көрсететін шама;
- қызмет түрі – қызмет түрлері жіктелімінің едәуір ірілендірілген санаттарын сипаттайтын өнімнің (тауарлар және қызметтердің) біртектес жинағын құру үдерісі. Заңды тұлғаның негізгі қызмет түрі – қосылған құны заңды тұлға жүзеге асыратын кез-келген басқа қызмет түрінің қосылған құнынан асып түсетін қызмет түрі. Заңды тұлғаның қосалқы қызмет түрі – үшінші тұлғалар үшін өнім (жұмыстар, қызметтер) өндіру мақсатында негізгі қызметтен басқа жүзеге асырылатын қызмет түрі;
- өкіл тауар – тауар тобындағы тауардың сапасы мен негізгі тұтынушылық қасиеттеріне әсер етпейтін және өзінің тұтынушылық белгісі бойынша біртектес, болмашы өзгешеліктерімен (бөлшектерімен) ерекшеленетін тауардың белгілі бір түрі;
- салмақтау – жиынтық көрсеткіштерді алу үшін және тікелей қосындылауға жатпайтын әртүрлі тауарлардың өлшемдестігін қамтамасыз ететін, индекстік есептеулерде қолданылатын рәсім;
- салмақтау сызбасы – стандартты жіктелімге сәйкес агрегаттаудың барлық сатылары бойынша анықталған өнімдер (тауарлар), қызметтердің нақты түрлері салмағының жиынтығы;
- сауда жеңілдігі – сыртқы сауда мәмілесінің шарттарына байланысты және нарықтың ағымдағы конъюнктурасына байланысты сатушының сатып алушыға ұсынатын тауар бағасынан жеңілдіктер;
- іріктеме – статистикалық деректерді жинау және өңдеу кезінде пайдаланылатын, бекітілген жіктеуіштер, номенклатуралар мен анықтамалықтардан жеке айқындамалар.

2) Деректерді жинау құралдары – «Тауарлардың, өнімдердің көтерме саудада сату (жеткізілім) бағасы туралы есеп» (индексі 1-Ц (көтерме), кезеңділігі айлық)

жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны.

3) Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнің 22-күніне (қоса алғанда) дейін.

4) Статистикалық нысан Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы «Респонденттерге» / «2024 жылғы статистикалық нысандар» / «Айлық нысандар» бөлімінде қолжетімді.

S.4.5 Статистикалық объект

Тауарларды, өнімдерді көтерме саудада сату бағасының индексі үшін статистикалық объект – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодтарына сәйкес қызметінің негізгі немесе қосалқы түрлері: 45, 46 болып табылатын іріктемеге түскен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Көтерме саудада сату бағасына жалпы мемлекеттік статистикалық байқау базалық объектілердің іріктемелі жиынтығы бойынша жүзеге асырылады.

Көтерме сауданың базалық объектілерін іріктеу үшін бас жиынтық көтерме сауда көлемі туралы ақпаратты ұсынатын статистикалық бизнес-тіркелім және ішкі сауда субъектілерін зерттеудің алғашқы статистикалық деректері болып табылады.

Базалық объектілерді іріктеу зерттелетін жиынтықтың едәуір маңызды бірліктері зерттеуге ұшырайтын негізгі массивтің әдісімен жүргізіледі. Жеке бірліктерді егжей-тегжейлі зерттеу негізінде бас жиынтықты сипаттайтын деректерді алу, ақпаратты өңдеу және қысқа мерзімде аз ресурстық шығынмен нәтижені қалыптастыру осы әдістің басымдығы болып табылады.

Егер іріктелген базалық объектілер зерттеу үшін анықталған тауарлар, өнімдердің негізгі топтарын, кластарын, түрлерін, кіші түрлерін барынша қамтуды қамтамасыз етсе, іріктеменің оңтайлы көлеміне қол жеткізіледі.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана

S.4.8 Қамту уақыты

Тауарларды, өнімдерді көтерме саудада сату бағасының индексі 2006 жылдан бастап қалыптастырылады, 2006 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі уақыт қатарлары бар.

S.4.9 Базалық кезең

Базалық кезең әр бес жыл сайын ауыстырылады.
2006-2010 жж. базалық кезең 2005 жылғы желтоқсан,
2011-2015жж. – 2010 ж. желтоқсан,
2016-2020жж. – 2015 ж. желтоқсан,
2021-2025жж. – 2020 ж. желтоқсан болып табылады.

S.5 Өлшем бірлігі

Пайыз

S.6 Есепті кезең

ай

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

- 1) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы;
- 2) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 8 қыркүйекте №6459 болып тіркелді);
- 3) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 16 тамызда №6394 болып тіркелді);
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары;
- 5) Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі;
- 6) «Көтерме саудада сату бағасының индексін құру әдістемесі» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін

атқарушының 2016 жылғы 16 ақпандағы № 36 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 15 наурызда № 13452 болып тіркелген). Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Негізгі» / «Экономика» / «Әдіснама» / «Баға статистикасы» бөлімінде қолжетімді.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

- 1) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынған деректердің құпиялылығы және қорғалу кепілдіктері қамтамасыз етіледі;
- 2) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді;
- 3) Бюро басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюро ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басшылық қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Бюро есептеу техникасы құралдарында сақталатын және өңделетін ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы мен теңтүпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген).

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабы 1, 2-тармақтары;
2025 жылға арналған Статистикалық жұмыстардың

жоспары мен ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың бірыңғай порталында www.gov.kz «Мемлекеттік органдар» / «Басқалар» / «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі» / «Бюро» / «Құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

2025 жылға арналған ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың бірыңғай порталында www.gov.kz «Мемлекеттік органдар» / «Басқалар» / «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі» / «Бюро» / «Құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жұмыс жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпаратқа және статистикалық әдіснамаға бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурстарында орналастыру арқылы қамтамасыз етеді.

Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Негізгі» / «Экономика» / «Баға статистикасы» бөлімі.

S.10 Тарату жиілігі

Ай сайын

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Жарияланбайды.

S.11.2 Жарияланымдар

1) «Қазақстан Республикасында тауарларды, өнімдерді көтерме саудада сату бағасының индексі» электрондық кестесі есепті кезеңде өткен аймен, өткен жылғы желтоқсанмен, базалық жылмен, өткен жылдың тиісті айымен және кезеңімен, есепті тоқсан өткен тоқсанмен, өткен жылғы тиісті тоқсанмен салыстырғанда республика бойынша, өндіруші елі бойынша көтерме саудада сату бағасының индекстері туралы деректерден тұрады.

Ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсындағы «Негізгі» / «Экономика» / «Баға статистикасы» / «Электрондық кестелер» бөлімінде қолжетімді.

2) Салғастыру кезеңдері (есепті ай өткен айға, өткен жылғы желтоқсанға, базалық жылға, өткен жылғы тиісті ай және кезең өткен жылғы тиісті айға және тиісті кезеңдерге; есепті тоқсан өткен тоқсанға, өткен жылғы тиісті тоқсанға) бойынша бір айға өндіруші елі бойынша тауарларды, өнімдерді көтерме саудада сату бағасы индекстерінің динамикалық кестелері Бюроның «Талдау» ақпараттық аналитикалық жүйесінің <https://taldau.stat.gov.kz> интернет-ресурсында орналастырылған.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

«Талдау» АТЖ <https://taldau.stat.gov.kz> «Баға статистикасы» бөлімінде

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі-кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген).

S.11.5 Өзге де

Жоқ

S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

«Көтерме саудада сату бағасының индексын құру әдістемесі» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2016 жылғы 16 ақпандағы № 36 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 15 наурызда № 13452 болып тіркелген).

Ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі» / «Әдіснама» / «Баға статистикасы» бөлімінде қолжетімді.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі;
- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі;
- 3) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 2 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік деректердің сапасын бағалау қағидалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 20 наурызда № 34168 болып тіркелген).

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Баға статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы қабылданған рәсімдермен құпталады:

- алғашқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- тауарлардың, өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;
- алғашқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;
- алғашқы деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді;
- бағаны байқау үшін іріктелген тауарлар, өнімдер, көрсетілетін қызметтер және базалық объектілер тізбелерінің іріктемелі жиынтықтарын ротациялау;
- салмақтау сызбаларын жыл сайын қайта қарау;
- агрегацияның барлық деңгейіндегі баға индекстерін есептеу үшін бірыңғай формулаларды қолдану.

S.13.2 Сапаны бағалау

«Көтерме саудада сату бағасының индексын құру әдістемесі» Халықаралық еңбек ұйымы, Халықаралық

Валюта қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуропа қоғамдастығының Статистика бюросы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы және Дүниежүзілік Банк әзірлеген «Өндірушілердің баға индексі бойынша нұсқаулық: теория және тәжірибе» қағидаттарын және ұсынымдарын есепке алумен әзірленген.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Тауарлардың, өнімдердің көтерме саудада сату бағасының индексі ішкі (статистиканың салалық органдары), сыртқы (мемлекеттік органдар, экономистер, басқару органдарының және кәсіпорындардың қаржы-экономикалық қызметінің қызметкерлері, ұйымдар, ғылыми, кәсіпкерлік және банк қызметкерлері, профессорлық-оқытушылар құрам, студенттер, бұқаралық ақпарат құралдары) пайдаланушылардың кең тобының қажеттіліктерін қанағаттандырады.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Пайдаланушының сауалнамасы Бюроның интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Негізгі» / «Сауалнамалар» / «Пайдаланушы сауалнамасы» бөлімінде қолжетімді.

Бұдан басқа, Бюроның пайдаланушыларымен және респонденттерімен тұрақты кері байланысты қолдау мақсатында 1446 Бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істейді.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Көтерме саудада сату бағасының есептелетін индекстерінің дәлдігі мен сенімділігі байқаудың оңтайлы таңдалған әдісін жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Көтерме саудада сату бағасының индексін құру әдістемесі базалық объектілерді іріктеуге, бағаларды статистикалық байқауға және көрсеткіштерді есептеу рәсіміне қойылатын талаптар халықаралық стандарттарға негізделеді.

Соңғы бес жылдағы Қазақстан Республикасындағы көтерме саудада сату бағасының есептелетін индекстерінің

дәлдігі мен сенімділігін талдау вариация коэффициентін қолдана отырып жүргізілді. Вариация коэффициенті - кездейсоқ шаманың салыстырмалы бытыраңқылығының өлшемі. Ол осы шаманың орташа мәнінен кездейсоқ шаманың орташа бытыраңқылығы қандай үлес құрайтынын көрсетеді. Орташа квадраттық ауытқудың мәні неғұрлым көп болса, зерттелетін мәннің бытыраңқылығы соғұрлым жоғары және біркелкілігі төмен болады. Вариация коэффициенті мына формуламен есептеледі: $C_v = \frac{SD}{\bar{X}} * 100\%$,
Мұндағы:


SD – орташа квадраттық ауытқу;

$\bar{X}$ – орташа мәні.

Орташа квадраттық ауытқу мәнінің формуласы: $SD = \frac{\sqrt{\sum_{i=1}^n (X_i - \bar{X})^2}}{n-1}$

Қазақстан Республикасында көтерме саудадағы
жұмыртқалардың орташа бағаларының вариация
коэффициенті

пайызбен



2020-2024 жылдардағы жұмыртқаның орташа бағасын талдау көрсеткендей, деректер біркелкі болды. Бағаның ең үлкен өзгерісі 2022 жылы, ең азы – 2024 жылы байқалды, бұл негізінен ауыл шаруашылығы өндірушілеріндегі өзгерістерге байланысты.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

«Шартты» бағаны есептеу әдістері Көтерме саудада сату бағасының индексін құру әдістемесіне сәйкес қолданылады. Жауабы жоқ жауаптардың үлесі есептелмейді.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Есеп жүргізілмейді.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер есепті кезеңнен кейінгі айдың 7-күні жарияланады және түпкілікті болып табылады.

Жариялау күні Статистикалық жұмыстар жоспары мен Ресми статистикалық ақпараттарды тарату графигінде бекітілген және жарияланған.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Бюро басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады және таратылады. Жариялау мерзімі Бюро басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін және Қазақстан Республикасының Әділет

министрлігінде тіркелетін Статистикалық жұмыстар жоспарында белгіленген.

Нақты және жоспарланған күндер сәйкес келеді, 2024 жылы жарияланым мерзімінің бұзылуы болған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, жарияланымдарды шығару келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша асимметриясы – коэффициент/СС1

Жоқ

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Тауарлардың, өнімдердің көтерме саудада сату бағасы индексінің динамикалық қатары салғастырымды және 2006 жылдан бастап үзіліссіз.

Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Негізгі» / «Экономика» / «Баға статистикасы» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде жарияланған.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан


Көтерме саудада сату бағасының индексін құру әдістемесінің негізгі тәсілдері Халықаралық еңбек ұйымы, Халықаралық Валюта қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуропа қоғамдастығының Статистика бюросы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы және Дүниежүзілік Банк әзірлеген «Өндірушілердің баға индексі бойынша нұсқаулық: теория және тәжірибе» қағидаттарын және ұсынымдарын есепке алумен әзірленген.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Байланысты тауарлардың баға индекстері ұқсас динамикаға ие. Күнбағыс майының көтерме бағасының ауыл шаруашылығы өндірушілерінің күнбағыс тұқымы бағасының өзгеру серпіні төменде келтірілген.

2024 жылы Қазақстан Республикасында көтерме саудада

күнбағыс майының және ауыл шаруашылығы өндірушілерінде күнбағыс тұқымының баға индекстері



S.19 Жүктеме

Бағаны жинау электронды түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

Деректерді жинау онлайн режимде Бюроның интернет-ресурсында <https://cabinet.stat.gov.kz> «Респондент кабинетінде» жүзеге асырылады, онда респондент үшін әдеттегі енгізу қателерінің болуына жол бермейтін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген.

Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолданумен автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау, жетіспейтін деректерді енгізу рәсімдері көзделген. Басқа зерттеулермен қайталанбайды. Әкімшілік деректер немесе басқа дереккөздер пайдаланылмайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /A6

Қолданылмайды.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Көтерме саудада сату бағасының индексін құру екі деректер ағынын пайдалануды көздейді: салмақ құрайтындар (салмақтау сызбасы) және тауарлардың, өнімдердің көтерме саудада сату бағасының өзгеруі.

Салмақтау схемасы орталықтан әр өңір бойынша және жалпы республика бойынша құрылады. Оның құрылуы белгілі бір жылдағы көтерме сауда қызметтерінің құны туралы орташа жылдық деректер негізінде жүзеге асырылады.

Республика бойынша салмақтау сызбаларын қалыптастыру төмендегідей жүргізіледі: тауарлар және өнімдердің түрлері, кіші түрлері деңгейінде – өңірлер бойынша құндардың сомасы ретінде; көтерме сауда қызметтерінің кластары, топтары және бөлімдері деңгейінде – дәйекті түрде кірістердің сомасы ретінде біріктірудің барлық сатылары бойынша.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Айлық

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

«Тауарлардың, өнімдердің көтерме саудада сату (жеткізілім) бағасы туралы есеп» 1-Ц (көтерме) статистикалық нысанын тапсыру қағаз жеткізгіште қолма-қол аумақтық статистика бөлімшелерінде «Бір терезеге», пошталық байланыс қызметтері арқылы немесе электронды түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру Бюроның интернет-ресурсында <https://cabinet.stat.gov.kz/> «Респонденттің кабинеті» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Алғашқы статистикалық деректерді енгізгенде ең төменгі және ең жоғары баға индекстерінің форматтық-логикалық бақылаулары салынған; өткен айдың баға деңгейімен салыстыруда ұйғарынды деректердің түрлі бақылаулары да салынған.

«Мемлекеттік статистика туралы» ҚР Заңының 17-бабына сәйкес респондент статистикалық байқаулар жүргізу кезінде респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне және статистикалық әдіснамаға сәйкес дәйекті алғашқы статистикалық деректерді ұсынуға міндетті.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Импутация «Көтерме саудада сату бағасының индексін құру» әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Көтерме саудада сату бағасын тіркеу кезінде сатылымда

уақытша болмауына байланысты жекелеген өкіл тауарларға ақпаратты ұсынбау жиі кездеседі. Есепті жыл ішінде баға индекстерінің серпінділік қатарының үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін «шартты» бағаны пайдалану немесе уақытша жоқ өкіл-тауарларға бағаларды импутациялау қажеттілігі туындайды.

Ауыстырудың келесі әдістері пайдаланылады:

- 1) өткен айдың бағасына тең «шартты» бағаны пайдалану;
- 2) осы өкіл тауарлар бойынша, бірақ басқа өндіруші елдің бағасы өзгерісіне түзетілген «шартты» бағаны пайдалану;
- 3) басқа базалық объектілердің ұқсас өкіл тауарларына баға өзгерісіне түзетілген «шартты» бағаны пайдалану.

Өткен айдың бағасы деңгейінде «шартты» бағаны пайдалану өкіл тауарды сатудың келесі фактісіне дейін жүзеге асырылады. Үш айдан аса өкіл тауарға бағаны тіркеу мүмкін болмаған жағдайда базалық объектіде тауардың ескі түрін жаңа өкіл тауармен ауыстыру рәсімі қолданылады.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Жүзеге асырылмайды.

S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру.